

А. МЕНТЕБАЕВА

ӘДЕБИ БАЙЛАНЫСТАР МӘСЕЛЕСІНІҢ ТЕРМИНДІК ТҮСІНІКТЕРІ

Әдеби байланыс түрлерінің бірі – “әсер” (“влияние”) терминіне қатысты даулы ойлар көп айтылуда. Оның басты себебі “әсер”, яғни “бір әдебиеттің екінші әдебиетке әсері” деген ұғымның астарында әсер етуші әдебиеттің басымдылығы танылып тұрады. Ал әсерді қабылдаушы әдебиет екінші орында қалып қояды. Бұл жайлы Д.Дюришин былай дейді: “Термин “влияние” в своем исконном значении отдаёт заведомое предпочтение воспринимаемому, “воздействующему” элементу, оттесняя на задний план, в сущности перекрывая творческую активность воспринимающего литературного явления.

Пользование этим термином, даже при условии методологически верно истолкования, чревато возможными “срыва́ми” и недоразумениями, поскольку в самой природе данного понятия заложен неистребимый привкус “зависимости” одного произведения от другого, что не может не сказываться на “механике” анализа” [1, 143-144].

Жалпы әдеби алмасулар, өзараәрекет ұғымдары әдебиеттерді салыстыра, салғастыра қарауды қажет етеді. Әдеби құбылыстардың шеңбері географиялық және тарихи тұрғыда кеңіген сайын олардың (осы құбылыстардың) ішкі байланыстары айқын көріне бастайды. Оларды жалпы адамзаттық көркем ой жүйесінде өзара салғастыра қарастыру осы саладағы бірден-бір тиімді тәсіл. Осылай етпейінше, жеке әдебиеттердің ұлттық ерекшелігін, олардың даму жолдарын, әлемдік мәдениетке қосқан үлесін айқындау мүмкін емес.

Сол себепті әдеби процесті салыстырмалы тұрғыда зерттеу үшін төмендегідей тәсілдерді қолдануға болады: тарихи-генетикалық, тарихи-функционалдық, бағалылық (ценностный), жүйелік (системный) және т.б. Сондықтан, салыстырмалы әдебиеттану генетикалық және контакттік байланыстармен бірге типологиялық *ұқсастықтар* мен *арақатынастарды* да қарастырады. Көптеген материалдарды салыстырмалы әдебиеттану тұрғысынан қарастыру Батыс және Шығыс әдебиеттерінің бәріне тән. Жыл сайын өткізіліп жатқан салыстырмалы әдебиеттанудың мәселелеріне байланысты халықаралық конгрестерден осы ғылым саласына деген қызығушылық пен қажеттіліктің Қытай, Үндістан және басқа да Азия-Африка елдеріне де тән екендігін айқын аңғаруға болады.

Бүгінгі таңда әдебиеттерді салыстырмалы түрде зерттеу бастапқы уақытқа қарағанда көп өзгерді және өзгеру үстінде. Бір әдебиеттің екінші бір әдебиетке үстемдік ете әсер ету (влияние) туралы қалыптасқан ұғым да жаңарды. 1950–60 жылдары бұл жайлы ең алғаш ой қозғаған Полван Тигем мен ол қалыптастырған мектептің түлегі американдық әдебиеттанушы Р.Уеллек еді. Р.Уеллек өзінің “Қазіргі әдебиеттанудың түсініктері” және “Салыстырмалы әдебиеттанудың дағдарысы” атты еңбектерінде П.Ван Тигем және Ф.Бальдансперж басқарған мектептің дәстүрін бұзып, олардың әдебиеттерді “*әсер беруші*” және “*қабылдаушы*” деп жіктеуіне қарсы пікір айтады [2]. Кейіннен Р.Уеллектің осы ойына жақын келетін пікірді Р.Этьямбль білдірді. Р.Этьямбль сонымен бірге бір-бірімен не генетикалық тұрғыда, не тікелей контакт тұрғысынан байланыспайтын елдер әдебиетін осы салыстырмалы әдебиеттану саласында қарастыруды ұсынды. Батыс компаративистикасында осындай салғастырулардан кейін “аналогия” деген термин қалыптасты. Бұл термин біздің қазіргі әдебиеттануда қолданылып жүрген “типологиялық байланыс” немесе “типологиялық арақатынас” деген түсініктерден айтарлықтай айырмашылығы бар екендігі байқалады. “Аналогия” термині табиғаты екі түрлі құбылыстардағы ортақ ұқсастықтар мен ерекшеліктерді танып, білуге деген қажеттілікті білдіреді.

Халықаралық әдеби байланыстардың кең қанат жая бастауына байланысты ғылыми айналымға жаңа материалдар ене бастады, сол сияқты әлемнің бір-бірінен географиялық алшақтықта жатқан елдер әдебиеті сөз бола бастады. Әлемдік компаративистика Европаның жетекші әдебиеттерін зерттеумен шектелуді қойып, “шағын әдебиеттерге” (Бұл термин шартты, “мекен ететін халықтар саны аз елдер” деген ұғымды білдіреді) көңіл бөле бастады. Ал аналогияларды салғастыра қарастыру кезінде жетіле түсті.

Батыс компаративистері жекелеген ұлттық әдебиеттердің тарихын “панорамалық” немесе “контекстуалдық” тұрғыда қарастырудың қажеттілігін түсінді. Дәл осы ойды әдебиеттерді салыстырмалы түрде зерттеу саласындағы іргелі еңбектерде, атап айтқанда – Р.Жен, Руссо мен Пишуа, Вейсстейн, Кайзер, Гильен және тағы басқа ғалымдар

енбектерінде кездестіруге болады.

Ал қазірде салыстырмалы әдебиеттану ғылымы өзіне ғана тән зерттеу методологиясын жоғалтып, оның орнына халықаралық әдеби өмірдің, көркем мәдениеттің алуан түрлі салалары мен аспектілерін ашып көрсететін ғылым саласына айналып келеді. Батыс әдебиеттануында соңғы кезде жетекші орынға рецепция теориясы шығып отыр. Рецепция теориясын ұстанған ғалымдар пікірінше, әрбір оқырманның көркем туындыны қабылдауы шектелген субъективті жеке түсінік. Мұндай түсініктер өзара қақтығысып, бір-біріне қайшы келіп отырады. Бірақ олар жекелеген интерпретацияларда көркем шығарманың объективті сипатының әртүрлі аспектілерін түрліше қарастыруда сан алуан көзқарастардың өзара үйлесіп, жанасатындығын есепке алмады. Рецепция теориясындағы осындай қарама-қайшылықтар нәтижесінде туындаған “деконструктивизм” бағыты болды. Деконструктивистер әрбір оқырманның өзінің дара түйсігіне, яғни, қабылдауына байланысты көркем мәтіннің толық бүтіндік қасиетін жоққа шығарды.

Мұнан басқа шетел компаративистикасында әлемдік әдебиетті жалпы тұтастықта теориялық тұрғыда қарастыруда тағы бір концепция бар, ол – “антропологиялық теория”. Бұл теория бойынша әлем әдебиетін салыстырмалы тұрғыда зерттеудің негізгі мақсаты – оның бүтіндігін, біртұтастығын, антропологиялық сипатын көрсететін поэтикасын талдау болып табылуы қажет. Басқаша айтқанда, түрлі құбылыстарды талдау мен салғастыру барысында ғылыми сипат пен көркем бағалаудың негізгі критерийі ретінде кез келген қаламгердің қандай да бір туындысынан жалпы адамзатқа тән сипат немесе табиғи адамзаттық қасиеттерді қарастыру болып табылады.

Міне, осындай әрқилы ұғымдар мен түсініктерді қамтитын әдеби байланыстар мәселесі ұлттық әдебиеттанудың өзекті проблемаларының бірі екені даусыз. Ш.Сәтбаева еңбектерінде бұл мәселелер терминдік нақтылықпен жете зерттелмесе де осы бағыттағы алғашқы ой-пікірлердің кірпіші қаланып, ғылыми тұжырымдар берілген. Сондай проблемалардың бірі – имагология мәселесі.

“Имагология” термині латын тілінен аударғанда “имаго” – “образ”, “логос” – “ғылым, ілім”, яғни, “образдар туралы ғылым” деген ұғымды береді. Мұның негізінде шетел әдебиетіндегі ұлттық образ, немесе керісінше, ұлттық әдебиеттегі жатұлттық образдардың орын алуын зерделеу ұғымы жатыр.

Бұл мәселе жайлы филология ғылымдарының

докторы М.Маданова имагологияның ғылыми даму кезеңінің негізі ХІХ ғасырға тиесілі деп таниды. Оған халықтар психологиясын зерттейтін – этнография, психология, антропология және т.б. бірнеше ғылым салаларының жедел дами бастауы себеп болған. Зерттеушілер халықтар психологиясын зерттеу мәселесіне салыстырмалы әдебиеттану тұрғысынан келіп, соған орай жеке бағыт – имагологияны дүниеге әкелген [3, 67].

Бұл ұлттық және жатұлттық образдар жайлы ғылым қай ел әдебиетінде болсын орын алған құбылыс. Ол қандай да бір мақсатты, мақсатсыз себептерге байланысты қалыптасады. Сондай-ақ “... знакомство с инонациональным образом через произведения словестности во многом обусловлены литературой путешествий, а также наличием инонациональной темы или мотивов в национальной литературе” [3, 69]. Осы тұрғыдан алғанда қазақ әдебиетіне сырттан келіп сіңіскен көптеген әлемдік образдарды атап көрсетуге болады.

Мәселен, шығыстық сюжетке құрылған “Бозжігіт” дастанында бас қаһарманның өлімін естіртуде Шығысқа аты кеңінен танымал кейбір аңыздық және тарихи тұлғалар Сүлеймен пайғамбар, Нұх пайғамбар, әлсіздерге көмекші көрсетуші Әли, Қыдыр, әйгілі Ескендір – Александр Македонскийдің есімдері аталады. Халықтық дастандарда мұндай есімдердің жиі кездесуі қазақ арасында шығыстық тұлғалардың кеңінен танымал болғанын аңғартады. Жалпы біздің пікірімізше, ұлттық әдебиетке келіп кіріккен мұндай образдарды екіге бөліп қарастыруға болады: бірі – тарихи тұлғалар, яғни, шын мәнісінде өмірде болған, олар жайлы тарихи деректер сақталған адамдар. Енді бірі – аңыздық тұлғалар, яғни, жалпы ел арасында аты кең таралғанымен де тарихи нақты мәліметтер сақталмаған көркем образдар.

Мысалы жоғарыда аталған есімдердің бәрі де тарихи тұлғалар есебіне кіреді. Бұлардың қатарына ХІ ғасырдың басында қайтыс болған Тай тайпасынан шыққан Хатим (қазақ арасында Атымтай жомарт деген атпен танымал), Лұқпан Хәкім, Құран Кәрімнің кейіпкерлері – Жүсіп пен Зылиха, Ләйлі мен Мәжнүнді атауға болады.

Мәселен, соңғы аталған Мәжнүннің шын есімі Қайыс, шамамен ХІІ мен ХІІІ ғғ. өмір сүрген Қайыс ибн Муад атты жас ақын. Кейінірек оның “Мәжнүннің өлеңдер жинағы” атты кітабы жарық көрген. Бірақ оны ақындық таланты емес, Ләйліге деген шексіз махаббаты әлемге танымал етті, бұл сюжет әлем халықтарына кең таралған. Ең алдымен Низами жазба және фольклорлық материалдар негізінде 1181 жылы

“Ләйлі – Мәжнүн” деген поэма жазып шыққан. Алғашқыда бұл поэманың сюжеті әңгіме ретінде таралғанымен, кейіннен Низамиге еліктеп Әмір Хосроу Дехлеви, Абурахман Жәми, Әлішер Науаи, Физули сияқты ақындар осы поэманы өздерінше жырлаған. “Ләйлі – Мәжнүн” поэмасының қазақша нұсқасын Шәкәрім Құдайбердіұлы жазған.

Ал, көркем образдар қатарына Бозжігіт, Тағир, Зухра, Қыдыр (Хидр), Мыстан кемпір, Ғайып ерен қырық шілтенді атауға болады. Бұлардың кейбірі әлемдік образдар, әсіресе Орта Азия елдеріне жақсы танымал.

Қазақ арасында “Мың бір түннің” ерекше танымал кейіпкерлерінің бірі – Хатим ат-Тайи. Бұл тарихта болған адам. Шамамен ҮІ ғ. басында қайтыс болған ақын. Халық арасында өзінің асқан жомарттығымен танылған. Қазақ фольклорында Атымтай жомарт деген атпен танымал. Атымтай жайлы қазақ арасында аңыз-әңгімелер көптеп кездеседі. Сол

сияқты Харун ар-Рашид, Лұқпан Хәкім образдары да жиі ұшырасады.

ӘДЕБИЕТ

1. *Дюришин Д.* Теория сравнительного изучения литературы. М.: Прогресс, 1975. 320 с.
2. *Виппер Ю.Б.* О некоторых теоретических проблемах истории литературы. С. 1-11. // <http://philology.ru/literature1/vipper-90g.htm>
3. *Маданова М.Х.* Введение сравнительное литературоведение. Алматы, 2003. 252 с.